

Маңғыстау облысы әкімдігінің "Ақтау, Форт-Шевченко қалаларында, Құрық ауылы және Кендірлі демалыс аймағында су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" 2008 жылғы 20 наурыздағы N 181 қаулысына толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы әкімдігінің 2008 жылғы 23 желтоқсандағы N 2631 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2009 жылғы 23 қаңтарда N 2040 тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 тамыздағы № 130 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды-Маңғыстау облысы әкімдігінің 24.08.2023 № 130 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

Ескерту. Тақырыпта және бүкіл мәтін бойынша "поселке", "поселкелер", "поселкелерге", "поселкелері", "поселкелерді", "поселкелердің" деген сөздер тиісінше "кент", "кенттер", "кенттерге", "кенттері", "кенттерді", "кенттердің" деген сөздермен; "ауыл (село)", "ауылдық (селолық)", "ауылдардың (селолардың)", "ауылдарды (селоларды)", "ауылдар (селолар)", "ауылдарға (селоларға)" деген сөздер тиісінше "ауыл", "ауылдық", "ауылдардың", "ауылдарды", "ауылдар", "ауылдарға" деген сөздермен ауыстырылды - Маңғыстау облысы әкімдігінің 30.06.2016 № 194 қаулысымен (жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексіне сәйкес, сондай - ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің "Каспий теңізінің Қазақстандық секторын игеру барысы туралы" отырысында Қазақстан Республикасының Премьер - Министрі К. Қ. Мәсімовтің берген 2008 жылғы 11 қазандағы N 38 тапсырмасын орындау үшін, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Маңғыстау облысы әкімдігінің "Ақтау, Форт - Шевченко қалаларында, Құрық ауылы және Кендірлі демалыс аймағында су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" 2008 жылғы 20 наурыздағы N 181 қаулысына (нормативтік құқықтық актілер тізілімінде 2008 жылдың 30 сәуірде N 2009 тіркелген, "Маңғыстау" газетінде 2008 жылғы 13 мамырдағы N 73 жарияланған) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулының 2 қосымшасында:

1 тармақ мынадай мазмұндағы 13) тармақшамен толықтырылсын:

"теңіздегі мұнай операцияларын қолдау үшін қажетті жағалаулық инфрақұрылымның өндірістік объектілеріндегі су қорғау аймағына ғимараттар мен құрылыстар салуға су объектісінің ластануы мен қоқыстануын болдырмау жөнінде, қосымша іс - шаралар қабылдау талабымен, шектеу таратылмайды".

2. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Қ. Боқановқа жүктелсін.

3. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Қ. Көшербаев

КЕЛІСІЛДІ:

Қ.Боқанов

С.А. Бермұхамедов

Н.А. Байжанов

А.Әбдешұлы

Қ. Сейлханұлы

Маңғыстау облысының жер

қатынастары басқармасының бастығы

22 желтоқсан 2008 жыл

Р.А. Боранбаев

Атырау және Маңғыстау облыстары

бойынша өңіраралық жер инспекциясы

бастығының м.а.

22 желтоқсан 2008 жыл

Ы.Ы. Ноғаев

Жайық - Каспий экологиялық департаменті

Маңғыстау филиалының бастығы

"22" желтоқсан 2008 жыл

Б.Б. Өтесінов

Маңғыстау облысының

мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық

қадағау басқармасының бастығы

22 желтоқсан 2008 жыл

Ө.И.Сабилов

"Су ресурстарын пайдалануды реттеу

және қорғау жөніндегі Жайық-Каспий

бассейіндік инспекциясы" мемлекеттік

мекемесі бастығының м.а.

19 желтоқсан 2008 жыл

Орын: Б.А.Бисенов
Маңғыстау облысын табиғи ресурстар
және табиғат пайдалануды реттеу
басқармасының бастығы
22 желтоқсан 2008 жыл

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК